

Қазақстан Республикасының Ауылшаруашылығы министрлігі  
С.Сейфуллин атындағы Қазақ Агротехникалық университеті

Университеттің Ғылыми кеңесінде  
қарастырылды  
№ 19 хаттама  
«31» 08 2022 ж.

"БЕКІТЕМІН"

«С.Сейфуллин атындағы Қазақ  
агротехникалық университеті» АҚ  
Басқарма төрағасы

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2022 ж.



**6B08101 «АГРОНОМИЯ»  
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Білім беру облысының жіктелуі және коды: 6B08 Ауыл шаруашылық және биоресурстар

Дайындау бағыттарының жіктелуі және коды: 6B081 Өсімдік шаруашылығы

Халықаралық стандарты бойынша білім беру жіктеуіндегі коды: 0812

Берілетін дәреже: «Агрономия» білім беру бағдарламасы бойынша ауылшаруашылық бакалавры

Оқу мерзімі: 4 жыл

**Авторлық ұжым:**

| АЖТ                              | Жұмыс орны                   | Қызметі, ғылыми дәрежесі, атағы                               |
|----------------------------------|------------------------------|---|
| Амантаев Бекзак<br>Омирзакович   | С.Сейфуллин атындағы<br>ҚАТУ | Кафедра меңгерушісі,<br>а.ш.ғ.к.                              |
| Стыбаев Гани<br>Жасымбекович     | С.Сейфуллин атындағы<br>ҚАТУ | а.ш.ғ.к., профессор   |
| Шестакова Нина<br>Адамовна       | С.Сейфуллин атындағы<br>ҚАТУ | а.ш.ғ.к., доцент  |
| Гордеева Елена<br>Анатольевна    | С.Сейфуллин атындағы<br>ҚАТУ | а.ш.ғ.к., доцент  |
| Жумагулов Игилик<br>Имангалиевич | С.Сейфуллин атындағы<br>ҚАТУ | а.ш.ғ.к., доцент  |
| Франсис Дорра                    | AgroParisTech университеті   | CPGE-APESA жоғары оқу<br>орны математика<br>профессоры        |
| Бруно Ансельма                   | AgroParisTech университеті   | CPGE-APESA жоғары оқу<br>орны биология<br>профессоры          |
| Мишель Обер                      | AgroParisTech университеті   | CPGE-APESA жоғары оқу<br>орны физика профессоры               |
| Денис Монасс                     | AgroParisTech университеті   | CPGE-APESA жоғары оқу<br>орны информатика<br>профессоры       |
| Мартин Жинэстэ                   | AgroParisTech университеті   | CPGE-APESA жоғары оқу<br>орны математика<br>профессоры        |
| Мюриель<br>Дюжардан              | AgroParisTech университеті   | CPGE-APESA жоғары оқу<br>орны физика және химия<br>профессоры |
| Ги Рибо                          |                              | ҚАТУ экс топ-менеджері  |

Авторлар ұжымы «С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ» КеАҚ 24.06.2022 жылғы № 337-Н бұйрығымен бекітілді.

«Агрономия» оқу бағдарламасы «Егіншілік және өсімдік шаруашылығы» кафедрасының 2022 жылғы «26» тамыздағы мәжілісінде қаралды, № 1 хаттамамен, Агрономия факультетінің Кеңесімен 2022 жылғы «27» тамыздағы № 1 хаттамасымен мақұлданды.

## Мазмұны

| №  | Компонент атауы  | Бет |
|----|--|-----|
| 1  | Білім беру бағдарламасының паспорты  | 4   |
| 2  | Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы   | 7   |
| 3  | Түлектің құзыреттілік үлгісі (портрет)   | 7   |
| 4. | Кәсіби тәжірибені өту базасы   | 10  |
| 5. | Білім беру бағдарламаның құрылымы  | 11  |
| 6. | Қосымша 1. Академиялық күнтізбе  | 14  |
| 7. | Қосымша 2. Жұмыс оқу жоспары   | 16  |
| 8. | Қосымша 3. Білім беру бағдарламасы мен оқу пәндері бойынша қалыптасқан оқыту нәтижелеріне қол жеткізудің өзара байланысы (Оқыту нәтижелерін қалыптастыруға пәндердің әсер ету матрицасы) | 18  |
| 9  | Өзгертулер мен толықтырулар  |     |

## **1 Білім беру бағдарламасының паспорты**

### **1.1 Білім беру бағдарламасының мақсаты**

#### **«Агрономия» білім беру бағдарламасының мақсаты -**

Агроөнеркәсіп саласы мен оған жанама кәсіпорындардағы жұмыс берушілердің талаптарына сай «Өсімдік шаруашылығы» бағыты бойынша терең білімі бар мамандар дайындау

### **1.2 Білім беру бағдарламасының міндеті:**

1. Толыққанды сапалы кәсіби білім алу үшін жағдайларын қамтамасыз ету;

2. Түлектердің жалпы адами және жеке-әлеуметтік құндылықтарын қалыптастыру, сондай-ақ экологиялық, физикалық, этикалық, құқықтық мәдениетін, ойлау мәдениетін.

3. Қазақстан Республикасы халықтарының достығы, патриоттық, рухында тәрбиелеу, түрлі мәдениеттерге, дәстүрлер мен салт-жораларға құрмет ету;

4. Кәсіби пәндерді дамыту үшін қажетті базалық білімді қалыптастыру;

5. Агрономиялық тұжырымдамалар мен қағидаларды игеру үшін жағдай жасау, ұйымдастырушылық және технологиялық жағдайларды талдауға дағдыландыру және алынған білімнің тәжірибелік қолданылуы, түлекке әртүрлі меншіктегі өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру саласында табысты жұмыс істеуге мүмкіндік береді;

6. Түлектерді кәсіптік қызметке, ұтқырлыққа, үздіксіз кәсіптік және моральдық жағынан жақсартуға және өмір бойы дамуға дайындау

7. Еңбек нарығында түлектердің бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру олардың мамандықтары бойынша ең жылдам жұмысқа орналасуын қамтамасыз ету.

### **1.3. Оқытудың нәтижесі:**

**PO1** –Шет тілінде қарым-қатынас дағдыларын меңгеру, түсіну, анықтау, түсінікті, ойды, сезімді, фактілер мен пікірлерді ауызша және жазбаша түрде (тыңдау, айту, оқу, хат) көптеген тиісті мәдени және әлеуметтік контексте айқындау, шетелдік дереккөздерден кәсіптік мазмұны бар ақпаратты алу. Стратегиялық және жедел басқарушылық міндеттерді шешу үшін мотивацияның, көшбасшылық пен биліктің негізгі теорияларын бағалау және біріктіру, Академиялық адалдық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің принциптері мен мәдениетінің маңыздылығын түсіну.

**PO2** –Ақпаратты алуды, сақтауды, өңдеу әдістерін, тәсілдері мен құралдарын, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды табу, ажырату және қолдану. Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіруде қолданбалы бағдарламалар пакеттерін және заманауи ақпараттық технологияларды қолдану.

**PO3** –Химияның теориялық заңдарын, талдаудың физика-химиялық әдістерін тұжырымдау және сипаттау. Химиялық және биологиялық белсенді заттардың құрамын, құрылымын және қасиеттерін ажырату, химиялық реакциялар теңдеулерін шешу, химиялық заттардың эквивалентін анықтау, әртүрлі концентрациялы ерітінділерді дайындау. Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіруде химияның негізгі заңдары мен теорияларын, қолданылатын химиялық заттардың қасиеттерін қолдану.

**PO4** –Өсімдіктердің және жануарлар құрылымы және әртүрлілігі, өсімдіктер тіршілік ету процестері туралы морфологиялық сипаттамаларына сәйкес, жабайы өсімдіктер және өсімдіктер аймақтарға кең таралған организмдермен және организмдердің қоршаған ортамен байланысын анықтау туралы білімін көрсету; тірі организмдердің онтогенез факторларын және филогенезін бағалау, тіршілікті ұйымдастырудың молекулалық-генетикалық және жасушалық деңгейлерін түсіндіру; тұқым қуалайтын материалдың гендік, хромосомалық және геномдық деңгейдегі құрылымдық-функционалдық құрылымын анықтау.

**PO5** –Физика заңдары мен принциптерін, математикалық есептерді шешудің теориясы мен әдістерін ажырата білу, тізіп шығу. Ауыл шаруашылығындағы қолданбалы есептерді шешуде шешім қабылдау, талдау, қорытындылау, типтік кәсіби есептердің математикалық модельдерін ұсыну.

**PO6** –Топырақтың негізгі түрлері мен түршелерін, олардың режимдері мен қасиеттерін, тыңайтқыштардың түрлерін, нысандары мен қасиеттерін, оларды дақылдарға қолдану әдістері мен технологияларын анықтау және ажырату. Топырақ құнарлылығының деңгейі мен оның компоненттерін ажырату және талдау, оларды пайдалану бағыттары мен топырақ құнарлылығын қалпына келтіру әдістерін негіздеу. Ауыл шаруашылығы дақылдарының жоспарланған өніміне органикалық және минералды тыңайтқыштардың дозаларын әзірлеу.

**PO7** –Зиянды организмдердің морфо-биологиялық ерекшеліктерін ажырату, сипаттау, дақылдардың фитосанитарлық жағдайын талдау, ауылшаруашылық дақылдары үшін вегетациялық кезеңдер үшін агроэкожүйелерді фитосанитарлық оңтайландыру технологияларын әзірлеу

**PO8** –Тракторлардың, автомобильдердің және ауылшаруашылық машиналарының құрылғыларын атау және сипаттау, технологиялық процестерге арналған топырақ өңдеу, себу және жинау қондырғыларын таңдау және ұсыну, олардың өріс бойымен қозғалу схемалары, оларды реттеу нұсқаларын ұсыну. Әртүрлі ауыл шаруашылығы өндірістік субъектілерінде өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірудің қазіргі заманғы ақпараттық технологияларын қолдану.

**PO9** –Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру үшін агрометеорологиялық ақпаратты алу, жинақтау, бағалау, ұсыну. Өнімді өндіру мәселелерін шешу үшін экологиялық білімді суреттеу, өндіріс кезінде еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәсілдерін әзірлеу.

**PO10** –АӨК саласында, ауыл шаруашылығы экономикасы және статистикасында, нормативтік-құқықтық құжаттамаларда құқықтық және экономикалық білімді көрсету. Салалардың жай-күйін талдау үшін математикалық талдау негіздерін қолдану, агробизнестің ерекшеліктерін ажырату, нарық жағдайында шаруашылық субъектілерінің даму болашағын жоспарлау.

**PO11** –Топырақтың құнарлылығын арттыруда және оны эрозиядан қорғауда агротехникалық арнайы іс-шаралар жүйесін қолдану, арамшөптермен күресу, ауыспалы егістерді енгізу және дамыту, ауылшаруашылық дақылдардың жоғары және тұрақты өнімділігін алу үшін топырақты дұрыс өсіру, жүйесі, ауыспалы егіс жүйелерін және оларды игеру жоспарларын пайдалану, топырақ-климаттық жағдайды ескере отырып ауыспалы егістегі дақылдардың топырақты өңдеу жүйесін бейімдеу және қолдану қабілетінің болуы; жер және топырақ - климаттық жағдайларды ескере отырып, дақылдарды оңтайлы орналастыру.

**PO12** –Жоғары өнімді алудың теориялық негіздерін және дақылдардың өнімділігін арттыру жолдары туралы білімді көрсету, топырақ-климаттық жағдайларын және шаруашылықтардың материалдық-техникалық жабдықталуын ескере отырып танаптық дақылдарды өсірудің қазіргі заманғы технологияларын әзірлеу және іске асыру қабілетінің болуы; өнімділікті басқаруды жүзеге асыру, танаптық дақылдарды өндіру технологиясын бақылау және бағалауды қамтамасыз ету; далалық эксперименттер жүргізу.

**PO13** –Селекция және тұқым шаруашылығы саласындағы білімді көрсету, ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымдары мен отырғызу материалдарын өндіруді ұйымдастыру тәсілдері мен әдістерін таңдау және әзірлеу. Танаптарды байқаудан өткізуді, тұқым мен тұқым материалының сапасын бағалауды ұсыну және жоспарлау, селекция және тұқым шаруашылығы бойынша құжаттарды толтыру дағдыларын көрсету.

**PO14** –Жеміс-жидек, көкөніс және жемшөп дақылдарының морфология мен биологиясын, сорттық құрамын сипаттау және атау. Оларды өсірудің заманауи технологиялық процестерін жүзеге асыру үшін қолдану, талдау және ұсыну. Табиғи жемшөп алқаптарын жақсарту және ұтымды пайдалану технологияларын таңдау және ұсыну, қатты және шырынды азық дайындау мен дайындауды ұйымдастырудың әдістері мен ұйымдастыру шараларын ұсыну.

**PO15** –Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің сапасына қойылатын талаптарды және оны бағалау әдістері туралы білімдерін көрсету, өсімдік шаруашылығы өнімдерін бастапқы өңдеу, сақтауға қою, сақтау және қайта өңдеу кезінде қазіргі заманғы әдістер мен режимдерді пайдалану; ғылыми зерттеу әдістерін қолдану.

## **2 Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы**

«Агрономия» білім беру бағдарламасы өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру саласындағы жалпы мәдени, кәсіптік және кәсіптендірілген құзыреттілікке ие мамандарға деген сұраныстың артуына байланысты жұмыс берушілердің сұранысы негізінде құрылды, бұл оның әлеуметтік ұтқырлығы мен еңбек нарығындағы сұранысқа ықпал етеді.

Бағдарламаның ерекшеліктері егіншілік және өсімдік шаруашылығы саласындағы мәселелерді шешу үшін әлеуметтік-жеке және кәсіптік құзыреттілікті біріктіруге мүмкіндік беретін әлеуметтік-кәсіптік, тәжірибеге бағдарланған құзыреттілікті қалыптастыру мен дамытудан тұрады.

«Агрономия» білім беру бағдарламасы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін оқу орындарының классификаторына сәйкес әзірленген (ҚР БЖҒМ-нің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығымен бекітілген) және Дублин дескрипторларымен және Еуропалық біліктілік шеңберімен келісілді.

Білім беру бағдарламасы болашақ маманға қажетті озық технологиялар талаптарымен үйлесетін дағдылар мен қабілеттерді дамыту негізінде заманауи жағдайларда кәсіби қызметтің теориялық және тәжірибелік міндеттерін шешуге және бәсекеге қабілетті, жоғары білікті мамандарды кешенді және сапалы дайындауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Пәндерді оқу үшін білім беру бағдарламасы модульдік жүйе негізінде әзірленген және 14 модульден тұрады. Бакалавриаттың теориялық оқытудың жалпы саны 240 кредиттен тұрады, соның ішінде, жалпы білім беру пәндердің циклі 56 кредит, базалық пәндер циклі - 112 кредит, кәсіптендіру пәндер циклі - 60 кредит және қорытынды аттестация - 12 академиялық кредит құрайды.

## **3 Түлектің құзыреттілік үлгісі (портрет)**

### **3.1 Кәсіби қызметінің шеңбері**

«Агрономия» білім беру бағдарламасын меңгерген түлектер агроөнеркәсіптік кешендегі кәсіпорындар мен ұйымдарда; агрофирмаларда; өсімдік шаруашылығы өнімдерінің сапасын бағалайтын ұйымдарда; карантиндік қызметте; өсімдіктерді қорғау стансаларында; ауыл шаруашылығы саласындағы ғылыми-зерттеу мекемелерде; дайындау бағытына байланысты меншік нысанына қарамастан орта негізгі білім беру ұйымдарда, ауыл шаруашылық дақылдарды сұрып сынау мекемелерде; агрохимиялық қызмет көрсету мекемелерінде, жергілікті, аудандық, облыстық, республикалық құрылымдарда жұмыс істей алады.

### **3.2 Кәсіби қызметінің түрлері**

«Агрономия» білім беру бағдарламаның бакалаврлары келесі кәсіби қызметінің түрлерін орындай алады:

- тәжірибелік-технологиялық;

- ұйымдастыру-басқарушылық;
- эксперименталды-зерттеулік;
- өсімдік шаруашылығы бағыты бойынша орта-кәсіптік білім беру мекемелерінде білім беру педагогикалық қызмет.

### **3.3 Жалпы білім беру құзыреттіліктер**

Заманауи Қазақстанның мемлекеттілігін қалыптастырудың алғышарттарын; саяси құбылыстардың (институттардың, қарым-қатынастардың, процестердің) пайда болу заңдарын, олардың жұмыс істеу жолдары мен формаларын, саяси процестерді басқаруын, қоғамның сана-сезімі, қоғамның құрылымы мен нормаларын, адамның және әлемнің қарым-қатынасының жалпы принциптерін, қоғамның элементтерінің жұмыс істеуінің құндылықтарын, жолдары мен ерекшеліктерін, жеке тұлғалардың процестерінің ерекшеліктері және қоғамның дамуындағы рөлін; мемлекеттік, орыс және шет тілдеріндегі сөйлеу/байланыс түрлері және формаларын, тілдік және сөйлеу құралдарын, лексика; ақпараттық-коммуникациялық технологиялар түрлерін; ақпараттық қызметті автоматтандыру және олардың мақсатын, ақпарат көлемін өлшеу әдістерін; ақпараттық моделдердің мақсаты мен түрлерін, операциялық жүйелердің мақсаты мен функцияларын білу.

Идеологиялық позициялардың негізінде әлеуметтік және өндірістік салаларда болып жатқан барлық нәрселерді өздерінің жеке бағалауы туралы пікір айту мүмкіндігі болуы керек; осындай қызмет саласы бойынша методологияны және талдауды таңдауға; тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынастың түрлі салаларындағы жағдайларды бағалау; Қазақстан қоғамының қоғамдық, іскерлік, мәдени, құқықтық және этикалық нормаларымен жұмыс жасайды; өздерінің жеке іс-әрекеттерін ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың әртүрлі түрлерін пайдалану; өзін-өзі дамыту және мансаптық өсу үшін өмір бойы жеке білім беру траекториясын қалыптастыру.

Кәсіби дағдылар: әлеуметтік, қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласында білімін тәжірибелік қолдану; қазақ, орыс және шет тілдеріндегі ауызша және жазбаша түрдегі қарым-қатынас, тұлғааралық, мәдениетаралық және кәсіби қарым-қатынас мәселелері.

### **3.4 Базалық құзыреттіліктер**

**Білу және түсіну:** Қазақстан Республикасының кәсіптік қызмет саласындағы заңнамасының негіздерін; биологиялық объектілердің құрылымы мен жұмыс істеуін, биологиялық процестердің мәнін, заттар айналымын және ағзадағы, жасушадағы энергияның трансформациясы; бейорганикалық және органикалық қоспалардың номенклатурасы; негізгі кластардың құрылымы, органикалық реакциялар өтуінің жіктелуі мен үлгілері; топырақтың классификациясы, топырақ құнарлылығын бағалау әдістері мен қалпына келтіру; топырақ пен өсімдіктердің эпифитті, патогенді



және фитопатогенді микрофлорасын, оның тіршілік әрекетін реттеу әдістері; топырақ өндейтін, егістік және егін жинау агрегаттарын, оларды пайдалану сызбасын, ауылшаруашылық машиналардың технологиялық реттеу; органикалық және минералды тыңайтқыштарды есептеу әдістемесін, түрлерін, әдістерін және оларды қолдану технологиясын; аурулардың пайда болу себептері, зиянкестердің және ауыл шаруашылық өсімдіктерінің патогендерінің түр құрамын және олардың биологиясын; өсімдіктерді зиянкестерден, аурулардан және арамшөптерден қорғаудың заманауи әдістері мен құралдарын; қазіргі нарықтық экономиканың негіздерін.

**Кәсіби дағдыларды көрсету:** критикалық негізделген кәсіби идеяларды қалыптастыру; басқа жерлердің қызметімен берілген жерде кәсіби қызметті үйлестіру; нарық жағдайында шаруашылықтың даму перспективаларын бағалау; өнімдерді өндіруде агрометеорологиялық ақпаратты пайдалану; ауылшаруашылық машиналардың реттеуін жүзеге асыру, тыңайтқыштың, тұқымдардың себу мөлшерін белгілеу, тыңайтқышты қолдану негізінде топырақтың құнарлылығын бағалау әдісін анықтау және оны реттеу; өсімдік зиянкестер мен ауруларын диагностикалау; зиянкестерге, ауруларға және арамшөптерге қарсы қорғау және профилактикалық шаралар жүйесін әзірлеу, негіздеу және қолдану; орындалған танаптық жұмыстардың сапасын бағалау.

**Біліктілікті меңгеру:** заманауи АТ қолдану, оның ішінде өсімдік шаруашылығына арналған деректер қорын және бағдарламалық пакеттерді пайдалану; микроорганизмдермен, микроскопиямен, сәйкестендірумен жұмыс жасау, жер асты, топырақ және өсімдіктердің микробиологиялық талдау; коллективте, шаруашылық субъектілерімен туындайтын дауларды шешу үшін құқықтық мәселелерді білу; қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша кәсіби қарым-қатынас; төтенше жағдайларда қорғау; еңбек заңнамасы, нормативтік және құқықтық әдебиеттермен жұмыс жасау.

### **3.5 Кәсіптендіру құзыреттіліктер**

**білу және түсіну:** егіншілік және өсімдік шаруашылығы заңдарын; ауыспалы егіс жүйесін, топырақ құнарлылығын ескере отырып ауыспалы егіс дақылдарға топырақ өңдеу жүйесін, ауыл шаруашылық дақылдардың негізгі түрлерін, олардың шаруашылық құндылықтарын, морфологиялық және биологиялық ерекшеліктерін; ауыл шаруашылық дақылдардың қазіргі заманғы өсіру технологиясын; тұқым шаруашылығы және ауыл шаруашылық дақылдардың селекциясы негіздерін; ауыл шаруашылық дақылдардың сұрыптарын, егіншілікті қарқындату деңгейіне сәйкес аймақтың нақты жағдайларына оларды таңдау, себуге тұқымдарды дайындау, себу материалдарының сапасын анықтау әдістемесін; себу материалдар мен өсімдік шаруашылығы өнімдерінің сапасына қойылатын мемлекеттік стандарттың талаптарын; жаратылыстану және табиғи азықтық жерлерді ұтымды пайдалану және рационалды пайдалану технологияларын, ірі және

шырынды жемшөп дайындау; өсімдік шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, бастапқы өңдеу, өңдеу негіздерін;

**істеу:** өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіруде технологиялық процестің компоненттерін әзірлеу, енгізу, бақылау, бағалау және түзету; технологиялық карталарды жасау және олар бойынша танаптық жұмыстарды ұйымдастыру; шаруашылықтың тұқымға, тыңайтқыштарға, пестицидтерге, жанар-жағармай материалдарына, ауылшаруашылық машиналарына, құрал-саймандарына және жабдықтарға, еңбек ресурстарына қажеттіктерін есептеу; кәсіби қызмет шеңберінде құжаттардың есебін жүргізу және құжаттау;

**дағдылардың болуы:** ұйымдастыру-экономикалық мәселелерді шешуде; ауыл шаруашылық дақылдарын өсірудің заманауи технологияларын пайдалану; аймақтың биоклиматикалық ресурстарына, агротехникалық әдістерге және жерлердің ұтымды және тиімді пайдаланудың ұсыныстар әзірлеуіне түзетулер енгізу; еңбек ресурстарын бөлу, нақты және тиімді нұсқаулар беру, өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірудегі жұмыстың барысын қадағалау.

#### **4 Кәсіби тәжірибені өту базасы**

Білім беру бағдарламасында оқу (агрометеорология, биология пәндері бойынша) - 3 кредит, технологиялық (өсімдіктерді қорғау, топырақтану, ауыл шаруашылығын механикаландыру пәндері бойынша) - 6 кредит, өндірістік (егіншілік, өсімдік шаруашылығы пәндері бойынша) - 12 кредит және диплом алдындағы тәжірибе - 3 кредит, ол жоғары оқу орнының компоненті болып табылады және студенттердің кәсіби-тәжірибелік дайындығына тікелей бағытталған оқыту түрі болып табылады.

Студенттер негізінен ауыл шаруашылық дақылдардың көктемгі егіс және астық жинау науқаны кезінде, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің кампусында, ірі ауылшаруашылық кәсіпорындары мен фермерлік шаруашылықтары танаптарында, сондай-ақ республикамыздың түрлі аймақтарындағы ғылыми-зерттеу институттарының тәжірибе танаптарында кәсіби тәжірибені өтуі жоспарланады.

Өндірістік тәжірибені өту үшін «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС, «А.И. Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми өндірістік орталығы» ЖШС, «Қазақ мал шаруашылығы және мал азығын өндіру ғылыми-зерттеу институты» ЖШС, «Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы ғылыми зерттеу институты» ЖШС, «Павлодар ауылшаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС, «Оңтүстік-Батыс мал шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС, «Шығыс-Қазақстан ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС, «Ы.Жақаев атындағы күріш шаруашылығы ҒЗИ» ЖШС, «Солтүстік-Қазақстан ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС, «Қостанай ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС, «Қарабалық ауылшаруашылық тәжірибе стансасы» ЖШС, «Қарағанды ауылшаруашылық тәжірибе стансасы» ЖШС, «Майлы дақылдардың тәжірибелік шаруашылығы» ЖШС, «Республикалық

агрохимия қызметінің ғылыми-әдістемелік орталық» ММ, ҚР АШМ «Целинный Ауыл шаруашылығы дақылдарды сорт сынау жөніндегі аумақтық инспекциясы» ММ, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» АҚ кампусы, ірі ауылшаруашылық кәсіпорындары мен фермалары, соның ішінде «Агрофирма ТНК» ЖШС, «Байсерке Агро» ЖШС, «SCFood» ЖШС, «Фермер 2002» ЖШС «Максимовское» ЖШС, «Родина» ЖШС, «Атамекен Агро» ЖШС, «Ақмола Феникс» ЖШС, «Алиби Агро» ЖШС стационарлық алаңдары қолданылады.

Кәсіби тәжірибені жүргізу әдістері: стационарлық, көшпелі, көшпелі-танаптық.

Мүгедектігі бар адамдар үшін тәжірибе алаңдарын таңдау осы студенттердің қол жетімділігі мен олардың денсаулық жағдайына сәйкес келеді.

## 5 Білім беру бағдарламаның құрылымы

| №        | Пәндер мен цикл аты                                 | Жалпы еңбек қарқындылығы |                      |
|----------|---|--------------------------|----------------------|
|          |   | академиялық сағатта      | Академиялық кредитте |
| <b>1</b> | <b>Жалпы білім беру пәндері</b>                     | <b>1680</b>              | <b>56</b>            |
| 1.1.     | <b>Міндетті компонент</b>                           | <b>1530</b>              | <b>51</b>            |
|          | Қазақ (орыс) тілі                                   | 300                      | 10                   |
|          | Шетел тілі  | 300                      | 10                   |
|          | Саясаттану және әлеуметтану                         | 120                      | 4                    |
|          | Мәдениеттану және психология                        | 120                      | 4                    |
|          | Қазақстан тарихы                                    | 150                      | 5                    |
|          | Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар            | 150                      | 5                    |
|          | Философия   | 150                      | 5                    |
|          | Дене шынықтыру                                      | 240                      | 8                    |
| 1.2.     | <b>ЖОО компоненті</b>                               | <b>150</b>               | <b>5</b>             |
|          | Еңбекті қорғау және тіршілік қауіпсіздігі негіздері | 150                      | 5                    |
|          | Жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері                | 150                      | 5                    |
|          | Білім берудегі көшбасшылыққа кіріспе                | 150                      | 5                    |
|          | Экономика және құқық негіздері                      | 150                      | 5                    |
| <b>2</b> | <b>Базалық пәндер</b>                               | <b>4920</b>              | <b>164</b>           |
| 2.1.     | <b>ЖОО компоненті</b>                               | <b>1560</b>              | <b>52</b>            |
|          | Аграрлық экономика және статистика                  | 120                      | 4                    |
|          | Молекулалық және жасушалық биология                 | 240                      | 8                    |
|          | Генетика, онтогенез, филогенез                      | 150                      | 5                    |

|      |  |             |            |
|------|--|-------------|------------|
|      | «Организмдердің жалпы биологиясы»<br>пәні бойынша оқу практикасы | 60          | 2          |
|      | Физика негіздері   | 120         | 4          |
|      | Бейорганикалық және органикалық химия                            | 120         | 4          |
|      | Аналитикалық және физколлоидтық<br>химия                         | 150         | 5          |
|      | Жоғары математика*   | 300         | 10         |
|      | Ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғау                               | 150         | 5          |
|      | Агрометеорология   | 150         | 5          |
|      | Экология және тұрақты даму                                       | 120         | 4          |
|      | <b>Таңдау бойынша компонент</b>                                  | <b>3360</b> | <b>112</b> |
|      | Кәсіби бағытталған шетел тілі                                    | 90          | 3          |
|      | Арнайы мақсатқа арналған ағылшын тілі                            | 90          | 3          |
|      | Python тілі және деректерді талдау                               | 90          | 3          |
|      | Статистикалық талдау және деректерді<br>визуализациялау          | 90          | 3          |
|      | Өсімдік шаруашылығындағы ақпараттық<br>технологиялар             | 90          | 3          |
|      | Дәл егіншілік негіздері  | 90          | 3          |
|      | Жасуша дақылы және өсімдік ұлпасы                                | 90          | 3          |
|      | Өсімдіктердің генетикасы   | 90          | 3          |
|      | Өсімдіктер физиологиясы және<br>биохимиясы                       | 90          | 3          |
|      | Биофизика  | 90          | 3          |
|      | Мамандыққа кіріспе   | 90          | 3          |
|      | Зерттеудің физикалық-химиялық әдістері                           | 90          | 3          |
| 2.2. | Ауыл шаруашылығы дақылдарының<br>өнімін бағдарламалау            | 90          | 3          |
|      | Жерге орналастыру негіздері                                      | 90          | 3          |
|      | Агробизнес және кәсіпкерлік негіздері                            | 120         | 4          |
|      | Агроөнеркәсіптік кешен экономикасы<br>және өндірісті ұйымдастыру | 120         | 4          |
|      | Ауылшаруашылығында машиналарды<br>пайдалану                      | 120         | 4          |
|      | Тракторлар және автомобильдер                                    | 120         | 4          |
|      | Мал шаруашылығы негіздері  | 150         | 5          |
|      | Топырақтану  | 150         | 5          |
|      | Агрохимия  | 150         | 5          |
|      | Ботаника азық өндіру негіздерімен                                | 150         | 5          |
|      | Математикалық модельдеу әдістері                                 | 150         | 5          |
|      | АӨК-гі маркетинг   | 150         | 5          |
|      | Термодинамика және электромагнетизм<br>негіздері                 | 150         | 5          |
|      | Өсімдіктердің жүйелілігі   | 150         | 5          |
|      | Организмдердің жалпы биологиясы                                  | 210         | 7          |

|  |   |             |            |
|--|---|-------------|------------|
|  | Өсімдіктер онтогенезінің биологиясы   | 210         | 7          |
| <b>3</b>   | <b>Кәсіби құзыреттерді қалыптастыру бойынша пәндер</b>  | <b>2610</b> | <b>87</b>  |
| 3.1.   | <b>ЖОО компоненті</b>   | <b>990</b>  | <b>33</b>  |
|  | Егіншілік   | 300         | 10         |
|  | Өндірістік тәжірибе   | 150         | 5          |
|  | Өсімдік шаруашылығы   | 300         | 10         |
|  | Өндірістік тәжірибе   | 180         | 6          |
|  | Диплом қорғау алды тәжірибе   | 60          | 2          |
| 3.2.   | <b>Таңдау бойынша компонент</b>   | <b>1620</b> | <b>54</b>  |
|  | Ғылыми зерттеу негіздері  | 90          | 3          |
|  | Қазақстан топырақтары және топырақ қорғау   | 90          | 3          |
|  | Өсімдік шаруашылығындағы бейім технологиялар  | 120         | 4          |
|  | Мал азығын дайындау   | 120         | 4          |
|  | Егіншіліктің аймақтық жүйесі  | 150         | 5          |
|  | Танаптық дақылдардың тұқымтану негіздері  | 150         | 5          |
|  | Ауылшаруашылығы дақылдарының селекциясы және тұқым шаруашылығы  | 150         | 5          |
|  | Өсімдік шаруашылығы мен селекциядағы жасушалық технологиялар  | 150         | 5          |
|  | Танаптық дақылдарының агротехнологиясы  | 150         | 5          |
|  | Жеміс-көкөніс шаруашылығы   | 150         | 5          |
| Жабық алаңда көкөніс өндіру технологиясы                           | 150   | 5           |            |
| Өсімдік шаруашылығы өнімдерін сақтау және қайта өңдеу технологиясы | 150   | 5           |            |
| <b>4</b>   | <b>Оқытудың қосымша түрлері</b>   |             |            |
| 4.1.   | Таңдау бойына компонент ( <i>әскери дайындық немесе студенттің өзі таңдаған басқа да оқу әдістемесі</i> ) |             |            |
| <b>5</b>   | <b>Қорытынды аттестаттау модулі</b>   | <b>360</b>  | <b>12</b>  |
| 5.1.   | Диплом жұмысын(жобасын) жазу және қорғау немесе кеенді емтиханға дайындық пен тапсыру                     | 360         | 12         |
|  | <b>Барлығы</b>  | <b>7200</b> | <b>240</b> |

## Қосымша 1. Академиялық күнтізбе\*\*\*

Бекітемін  
 «С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» КеАҚ  
 Ғылыми кеңес Төрағасының м.а.  
 Е.Н.Нысанбаев  
 13.05.2022 ж.

2022-2023 оқу жылына арналған  
**АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕ**

Бакалавриатты дайындау бағыттары бойынша

| 1 триместрдің басталуы |  | 1 қыркүйек  |
|------------------------|--|---|
| 1                      | Презентациялық апта, білім алушылардың пәндерге тіркелуі | 1 қыркүйектен 2 қыркүйекке дейін<br>(1 курстар үшін 29 тамыздан 2 қыркүйекке дейін) |
| 2                      | <i>Конституция күні</i>                                  | 30 тамыз  |
| 3                      | <i>Білім күні</i>  | 1 қыркүйек  |
| 4                      | Емтихан сессиясы   | 14 қарашадан 25 қарашаға дейін  |
| 5                      | <i>Тұңғыш Президент күні</i>                             | 1 желтоқсан   |
| 6                      | ҒХ тапсыру   | 14 қарашадан 9 желтоқсанға дейін  |
| 7                      | <i>Тәуелсіздік күні</i>                                  | 16 желтоқсан  |
| 8                      | Демалыс  | 28 қарашадан 31 желтоқсанға дейін   |
| 9                      | <i>Жаңа жыл</i>  | 1, 2, 3 қаңтар  |
| 2 триместрдің басталуы |  | 1 қаңтар  |
| 10                     | <i>Рождество</i>   | 7 қаңтар  |
| 11                     | <i>Халықаралық әйелдер күні</i>                          | 8 наурыз  |
| 12                     | <i>Наурыз мейрамы</i>                                    | 21,22,23 наурыз   |
| 13                     | Емтихан сессиясы   | 13 наурыздан 24 наурызға дейін  |
| 14                     | ҒХ тапсыру   | 13 наурыздан 31 наурызға дейін  |
| 15                     | Демалыс  | 27 наурыздан 31 наурызға дейін  |
| 3 триместрдің басталуы |  | 1 сәуір   |
| 16                     | <i>Қазақстан халқының бірлігі мерекесі</i>               | 1 мамыр   |
| 17                     | <i>Отан қорғаушы күні</i>                                | 7 мамыр   |
| 18                     | <i>Жеңіс күні</i>  | 9 мамыр   |
| 19                     | Емтихан сессиясы   | 12 маусымнан 23 маусымға дейін  |
| 20                     | Демалыс  | 26 маусымнан 31 тамызға дейін   |
| 21                     | ҒХ тапсыру   | 12 маусымнан 30 маусымға дейін  |
| 22                     | Жазғы триместрге жазылу                                  | 26 маусымнан 30 маусымға дейін  |
| 23                     | Қорытынды емтихан  | 30 маусымға дейін   |
| 24                     | Жазғы триместр   | 3 шілдеден 11 тамызға дейін   |
| 25                     | <i>Астана күні</i>                                       | 6 шілде   |

«С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ» КеАҚ Ғылыми кеңесінде бекітілді,  
 хаттама № 14, 13.05.2022 ж.

**Ескерту:** сабақ демалыс немесе мереке күндеріне сәйкес келсе, онда келесі жұмыс күнінен басталады.









**Қосымша 3** Білім беру бағдарламасы мен оқу пәндері бойынша қалыптасқан оқыту нәтижелеріне қол жеткізудің өзара байланысы (Оқыту нәтижелерін қалыптастыруға пәндердің әсер ету матрицасы)

| №  | Наименование дисциплины              | Краткое описание дисциплины   | Кол-во кредитов | ON | ON | ON | ON | ON | ON | ON | ON | ON | ON | ON | ON | ON | ON |
|--|--------------------------------------|---|-----------------|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|
|  |                                      |   |                 | 1  | 2  | 3  | 4  | 5  | 6  | 7  | 8  | 9  | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |
| <b>Цикл общеобразовательных дисциплин</b>      |                                      |   |                 |    |    |    |    |    |    |    |    |    |    |    |    |    |    |
| <b>Вузовский компонент/Компонент по выбору</b> |                                      |   |                 |    |    |    |    |    |    |    |    |    |    |    |    |    |    |
| 1  | Білім берудегі көшбасшылыққа кіріспе | Тиімді коммуникациялық көшбасшы модельдері. Күрделі жағдайларда басқарудың жолдары. Басқару тобындағы жұмыс әдістері және командадағы рөлдерді бөлу принциптері. Оқуды тиімді бақылау және ынталандыру әдістері. Көшбасшылық теориясы. көшбасшылық мінез-құлық басшылығының (үш стильдер (К.Левин) тұжырымдамасы, Огайо штатының университетіндегі зерттеулер, Мичиган университетінің зерттеу, басқару жүйесі (Р.Ликерт) басқарушылық тор моделі (Блейк және Моутон), Көтермелеу және жазалау туралы түсінік, көшбасшылық алмастырғыштар (С. Керр мен Дж.Джермьер).                              | 5               | v  |    |    |    |    |    |    |    |    |    |    |    |    |    |
|  | Жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері | «Сыбайлас жемқорлық» ұғымының теориялық және әдіснамалық негіздері Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру шарты ретінде қазақстандық қоғамның әлеуметтік-экономикалық қатынастарын жетілдіру Сыбайлас жемқорлық мінезінің психологиялық ерекшеліктері Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру Жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру ерекшеліктері Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың этникалық ерекшеліктері Түрлі салаларда жемқорлық үшін моральдық және этикалық жауапкершілік. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін заңдық жауапкершілік. | 5               | v  |    |    |    |    |    |    |    |    |    |    |    |    |    |
|  | Экономика және құқық негіздері       | Экономикалық теория пәні және зерттеу әдістері. Қоғамдық өндіріс негіздері және қоғамдық шаруашылық нысандары. Нарықтық жүйенің жұмыс істеу механизмі. Өндіріс, фирманың шығындары мен табыстары. Ұлттық экономика. Экономикалық өсу және нарықтық экономиканың тұрақсыздығы. Жұмыссыздық пен инфляция - экономикалық тұрақсыздықтың көрінісі. Ұлттық   | 5               |    |    |    |    |    |    |    |    |    | v  |    |    |    |    |

|   |   |   |   |  |  |   |  |  |  |  |   |   |  |  |  |  |  |  |
|---|---|---|---|--|--|---|--|--|--|--|---|---|--|--|--|--|--|--|
|   |   | экономикадағы қаржы және ақша жүйесі және экономикалық қауіпсіздік. Мемлекет және құқық теориясының негіздері. Конституциялық, әкімшілік, азаматтық, еңбек, отбасылық, қылмыстық құқық негіздері.   |   |  |  |   |  |  |  |  |   |   |  |  |  |  |  |  |
|   | Еңбекті қорғау және тіршілік қауіпсіздігі негіздері | Еңбек қорғау заңнамалары. Әйелдер мен жастардың еңбегін қорғау ерекшеліктері, еңбекті қорғау жөніндегі заңнаманың орындалуын қадағалау және бақылау және еңбекті қорғау талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілікке алу. Білім алушыларда тіршілік әрекетінің қауіпсіз және зиянсыз жағдайларды жасау, қауіпті жағдайлардың туындау себептерімен жағдайларының алдын алу, халықты және халық шаруашылығы объектілерінің өндірістік персоналын төтенше жағдайлардың ықтимал салдарларынан қорғау бойынша білімді, практикалық дағдыларды қалыптастыру. |   |  |  |   |  |  |  |  | v |   |  |  |  |  |  |  |
